

2. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов. – Алматы, 1990. – 51 б.
3. Әбсадықов А. А. Байтұрсынұлының әдеби мұралары. – Қостанай, 2003. – 144 б.
4. Ұлттың ұлы ұстазы: «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-библиографиялық серия / Құрастырушы В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Қаз. Рес. Білім және ғылым министрлігі, Орталық ғыл. кітапхана, 2001. – 305 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
6. Қордабаев Т. Қазақтың тұңғыш лингвист ғалымы // Қазақстан мұғалімі, 1988. – 30 декабрь.
7. Қордабаев Т. Бірі емес, өзі // Қазақстан мұғалімі, 1990. – 20 шілде.
8. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). – Алматы: Ғылым, 1999. – 568 б.
9. Байтұрсынов А. Дыбыстарды жіктеу // Қазақ тілі, 1922. – № 22.).
10. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
11. Сыздықова Р. Сан қырлы саңлақ ақын // Социалистік Қазақстан, 1989. – 4 январь.
12. Ұлттың ұлы ұстазы. «Ұлы тұлғалар» сериясы. – Алматы: Комплекс, 2001. – 305 б.
13. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., 1994.
14. Нұрғали Р. Сөз өнерінің эстетикасы. Астана, 2003.
15. Ісімақова А. А. Байтұрсынұлы – қоғам қайраткері, ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының реформаторы // А. Байтұрсынұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. I-том. А., 2003.
16. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 264 б.
17. «Әдебиет танытқыш» (1926) // Байтұрсынұлы А. 5 томдық шығармалар жинағы. Т. 1, – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
18. Ұ.О.Еркінбаев «А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының контексінде» филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы. 2007 жыл. 30 б.
19. – Байтұрсынов А. Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

Т.КӘКІШҰЛЫ ЖӘНЕ АХМЕТТАНУ ІЛІМІ

Рымғалиева А.Б.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университетінің 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: Смағұлов Ж.Қ.*

*фил.ғ.д., профессор
Қарағанды қ., Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлтының рухани көсеміне айналған тұлға. Ол - қазақ үшін ұлы Абайдан кейінгі адам. Қазақ әдебиетінде есімі елеулі, тіл білімі мен әдебиет теориясының негізін Бахтиннан бұрын салса, 1917 жылы әйел теңдігі мәселесін шешіп, қазаққа бас ақынын айқындап берген Ахаңның өмірі тек жанкештілікпен өткен. «Әлдилеп» ұйықтаған халықты масамен оятып, ғылымның шуағын шашты. Дәуірдің дана тұлғасы Ахмет ел тізгінін өзгеге ұстатпау үшін «Алаш» автономиясын ұлт көсемі Әлиханмен бірге құрып, «Қазақ» газетін жаңғыртты. Оның ерең еңбегі дәл бүгін білім мен ғылымның атасы ретінде көрініп, тарихымызды екшелегенде шығатын алыпты бір сөзбен ұлттың ұлағатты, рухани көсемі дейді. Ахметтану саласы өркен жайып, терең зерттеулер жүргізіліп, көрнекті Ахаң туралы архивтік құжаттарды, шығармаларын, биографиясын тереңнен қарастырған. Ұлттық әдебиетімізде де Ахмет Байтұрсынұлының әдеби көркем образы ашылып, міндетті тарихи көздерге кіріктірілген. Халықтың көкірек көзін ашуға

негіздеп, қазақ әліпбиін жасады. Ғалымның мұрасын зерттеу үлкен жауапкершілік және терең білімді қажет ететін ғылым. Ахметтану ілімімен көптеген академик ғалымдар қаламын ұштап кіріскен.

Бұл күні тарихи тұлғаның шығармашылық мұрасын тікелей зерттеп, кемеңгердің кемел білім-ілімін келешек ұрпаққа таныту мақсатында жасалған жұмыстардың легі өсуде. Атап айтсақ, тілші-ғалым Р.Сыздықова (Ахмет Байтұрсынов. 1990.-52 б.), Ахаңның немере інісі С.Кәкішев (Ахаң туралы ақиқат. 1992.-112 б.), өзбек ғалымы М.Джусупов (Фонемография Ахмета Байтурсынова и фонология сингормонизма. 1995.-176 б.), физик-ғалым М.-Х.Сулейманов (Яркий носитель духа человечности. 1997.-18 с.), филолог-ғалым Ж.Байтелесова Негазимая звезда в пляде казахской интеллигенции. 1998.-78 с., Публицистика Ахмет Байтурсынова. 1998.-78 с.), әдіскер-ғалым А.Қыдыршаев (Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. 1998.-132 б.), жазушы Б.Ілияс (Алтын бесік. 1998.-260 б.), ақынжурналист Н.Бектемісұлы (Ахмет ұшқан ұя. 2001.-128 б.), әдебиеттанушы-ғалым А.Ісімақова (Возвращение пляды. 2002.-294 с.), жазушы Қ.Сәрсекеев (Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі жайлы ой-түйін. 2003.- 80 б.), журналист-ғалым С.Оспанұлы (Ахмет өскен ақындық орта. 2004.- 204 б.), әдебиеттанушы-ғалым Ө.Әбдиманұлы («Қазақ» газеті. 1993.-168 б., Ахмет Байтұрсынұлы: зерттеу-эссе. 2007.-296 б.), әдебиеттанушы Ұ.Еркінбаев («Әдебиет танытқыштың» теориялық негізі. 2008.-136 б.) т.б., да тарихшы ғалымдардың көлемді тақырыпта қарастырған ғылыми зерттемелері бір төбе. Бұдан бөлек академик-ғалымдар: М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, К.Сағадиев, М.Жұрынов т.б. талдаған ғылыми зерттеу мақалалар баршылық. Зерттеулердің Ахметтану ілімінің дамуына сеп болып, жылдан жылға көркеюде.

Сәкентанушы, ф.ғ.п., ғалым Т.Кәкішев ахметтану ілімін біршама зерттеді. «Ұлттық ғылымның алтын ғасыры – ахметтану» іліміне бағдарлы жол салған ғалымның ел сүйер елеулі қызметі сінген. «Т.Кәкішев қазақтың жазба әдебиет сынының түп-төркінін көне замандағы түрлі ескерткіштерінен, орта ғасырлық жазбалардан, қазақ хандығы тұсындағы би-шешендерден, ақын-жыраулардан, қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектерінен көреді. Қорқыттың қазақ жерін аралап, әр өңірге берген бағаларына, Әл-Фарабидің өнер жайлы пікірлеріне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» терең ойларға, Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түркідегі» қанатты сөздерге, Қожа Ахмет Иассаuidің «Хикметіндегі» көркем толғаныстарға т.б. тоқталып, сыншылдық таным-білімнің қайнар көздері ретінде қарастырады. Сонымен қатар ғылыми, ағартушылық, эстетикалық талғамның қалыптасуында орны айрықша үш ғұламаларымыз – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Кұнанбаевтың еңбектерін айрықша атап өтеді. Соның ішінде ұлы Абайдың сыншылдық ойының аса ірі құбылыс екенін дәлелдеп көрсетеді. Әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланыстылығын және жоғарыда аталған газет-журнал беттеріндегі әдеби ой-пікірлерді саралап көрсетеді. Сыншылдық ой-пікірлер, әсіресе «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде жандана түскендігін көреміз. 1971 жылы жарық көрген «Сын сапар» еңбегінде кейбір олқылықтарын толтырып «Қазақ әдебиеті сынының тарихында» (1994) әдеби пікірлерді талдауға көп көңіл бөлді. А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ә.Бөкейхановтың, Р.Мәрсековтың т.б. мақалаларының қазақ әдебиет сынының дамуындағы үлесін, биік белесін айқындап береді. Сондай-ақ бұрындары «жабық» болып келген «Сарыарқа» газеті, «Абай» журналы сияқты басылымдарда шыққан сыни мақалаларға тоқталады» [1].

Ш.Сәтбаева, Ү.Субханбердина, Қ.Мұхамедханов, З.Ахметов, Ғ.Ахмедов, М.Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Р.Нұрғали, Т.Қордабаев, С.Өзбеков, М.Қойгелдиев, С.Қирабаев, Т.Кәкішұлы, Ж.Ысмағұлов, К.Сағадиев, Ш.Елеуенов, Ә.Қайдари, Р.Сыздықова, Ө.Айтбайұлы, Б.Әбілқасымов, Е.Жанпейісов, Н.Уәлиұлы, С.Дәуітұлы, Т.Жұртбай, А.Ісімақова, Ө.Әбдиманұлы, Д.Қамзабекұлы, Ш.Құрманбайұлы, А.Қыдыршаев, Қ.Сақ, А.Мектептегі, Ж.Байтілесова, Ұ.Еркінбаев т.б. сынды бірқатар зерттеушілер Ахаңның әдебиет әлеміндегі өмірі мен қызметіне, ғылыми гипотезасына пікір білдіреді. Соның бір ұшында

Т.Кәкішұлы ғылыми-зерттеу мақалаларында: «Ахметтен тараған азатшыл поэзия», «Ахмет сыни ой-пікірдің, саяси көзқарастың, көркемдік таным біліктің платформасы» деп оның сын жанрына еркін және тамаша білімдарлықпен, эстетикалық биік талаппен барғанын, Қазан төңкерісіне дейін туған әдеби сынымыздың өресін жоғарылата түскені даусыз екенін айтады [2, 140-167].

Кенестік дәуірдің құрсауында рухани көсемнің «Мәдениет тарихы» атты кітаптарының жоғалуы жанды ауыртатыны сөзсіз. Дегенмен, бізге жеткен терминологиялық сөздіктері, оқу құралдары, әліпбидің, әдістеменің, әдебиет теориясына қатысты бірыңғай жоқтың көзін жасап, негізін салғанын және сол арқылы бүгінгі ғасырда қазақ филологиясының тарихында тұрған білімі мен тәжірибесі зор ғалым. Зерттеуші Ш.Құрманбайұлы Ахмет Байтұрсынұвқа арнаған еңбегінде, зерттеуінде келтіргендей ғалымның ұлты үшін жасаған қызметін жіктеп былайша қарастырады: «1) Қазақ тілі білімінің терминологиясын жасаушы; 2) Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған; 3) Әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған; 4) Қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым; 5) Жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға; 6) Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы; 7) Қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты түрколог ғалым» [3, 29-46]. Әлбетте, бұл бір адамның басына аз жұмыс емес. Егер А.Байтұрсынұлы басқарушы билік тарапынан 5 рет сотталып, 2 рет жер аударылмағанда өзі сүйген өз ұлты үшін тағы талай жұмыстарды атқарар еді-ау! Зерттеуші қарастырып отырған терминология саласы бойынша Ахметтің даралығы мен даналығын нақты көрсете алған. Ол түйін сөзін «аса көрнекті тілші ғалым» деп қорытыпты [3, 53]. Ұлтының жанашыры, Ахаңның жасаған ісі ғасырлар бойы сақталатын құндылығы жоғары еңбек болып қалары айтпаса да түсінікті.

2000-шы жылы қаламгердің бұрын-соңды ғылыми ортаға таныс емес «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деген мақаласын жариялады. Зерттеуші бұл мақаланы көпшілікке таныстырып отырғандағы мақсатын: «...мұндай мұраларды жариялау бізге керек... Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінгісіз ертеңнің кірпіші қаланбайды. Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз-де, міне, осы» дейді. Әрі осы мақаланың астарынан бәле іздеген өз қандастарымыз, Ахметті партиядан шығарып тынғанынан мағлұмат береді. Десе де бұл тарихи маңызы зор мақала «Ахаңның азаматтығын айқын танытқан, интернационалистерді үркітіп, айғай-шу шығарған, «ұлтшылдықтың манифесі» деген баға береді әдебиеттанушы ғалым Т.Кәкішұлы. Сонымен қатар, ғалымның «Әр дарынның тарихта өз орны бар» атты мақаласындағы А.Байтұрсынұлының сол жылдары егемендікке ұмтылудың, азаттық алудың бірден-бір жолы оқу мен білім алып, ой-сананы дамытуда екендігін жете ұғынып, оны белгілі дәрежеде «ағымға айналдыруға мұрындық» болғандығына баса көңіл бөледі [4].

Ахметтану ілімі – шынында үлкен зерттеу ғылым. Оның ұлттық әдебиетіміздегі орны ерекше. Қазақ халқына қазақ тілі мен әдебиетінің фундаментальді негізін салып, артына қалдырған ұлы еңбегі жанданып жатқанын көрудеміз. Мәдениеттану саласында да ұлт қайраткері Ахметтің: «Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшеюімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сүйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі», -деуінің астары ғұмырлы [5, 185 б]. Қызыл сұңқар С.Сейфуллин Ахаңның 50 жас тойындағы баяндамасында:

«Ызындап ұшқан нәзік маса,

Сап-сары аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түрі өзгерілмес,
Дегенмен қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттарын бұзылғанша
Ұйқысын азда болса бөлмес пе екен,

Қоймастан құлағына ызыңдаса?» - деп толқытты[5, 129 б]. «...Ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді... Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызметтерін қылды. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл... Байын, кедейін айырмай қазақты ғана сүйетін адал жүрек таза ұлтшыл» — деп Ахметті халқын шексіз сүйе білген, ұлтының ар-намысы жолында өз өмірін қиюға дайын екенін жоғары бағалай білген Сәкенге де зордың күші жүргендігін естен шығармау керек. Ғылымда уақыт өткен сайын процестер жүріп жаңа түсініктер мен пайымдар жазыла бастайды. Ахметтану іліміне де бірер ай бұрын ғана шыққан ахметтанушы Жұмат Әнесұлының «Тарихи хикаяттар» кітабының тұсауы кесілген болатын.



Сурет: <http://kerey.kz/?p=13734> сайтынан алынды.

Ахмет Байтұрсынұлының іргелі еңбегі «әдебиеттанушы» өзінің тарихи бейнесін аша алды. Бұл тұрғыдан да ой салар дүние көп. Ол жөнінде сыншы Т. Кәкішев: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ. Ол – әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымының міндет-парызын қатар атқарып, біздің алдыңғы ағаларымыздың эстетикалық сауатын ашуға мұрындық болған жүйелі оқулық. Ондағы анықтамалар мен терминдердің өзі күні бүгінге шейін біздің ғылыми арсеналымыздан орын алатын құнды қағидалар мен атаулар. Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқыш» – қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған өміршең қондырғы-фундамент» [6, 4]. Ахметтану ғылымы қазіргі жас ғалымдардың ішінде Маралбек Ермұхамедтің пікірінше, «ахметтануды» болашақта төрт түрлі бағытқа бөліп, дамыту қажет деген пікірде. Бірінші Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен қоғамдық-саяси қызметі, екінші ғылыми мұрасы, үшінші жеке тұлғасы және төртінші ғылыми мектебіне назар аудару қажет», - дейді[7]. Биылғы жылы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ірі жобалар жүзеге асырылып, «ахметтануға» тамшыдай үлесін қосып жатқан әдебиетші-ғалымдар, тарихшылар үлкен іс бітіруде. Тоқтамайтын тың дүние болғандықтан, осы ғылым саласының басты капиталы қоғамды назарда ұстап, біркелкі сана дариясына құйдыру, сіңдіру руханиятпен үндестіру міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. http://www.rusnauka.com/5_SWMN_2014/Philologia/8_158682.doc.htm
2. Кәкішев Т. Қағидаға айналған қателер // Жұлдыз, Б. 140-167, 1988.; Ахаң жайлы шындық // Коммунизм нұры, 8 наурыз 1989.; Әр дарынның өз орны бар // Қазақ әдебиеті, 2 наурыз 1990.
3. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану. Монография. – Алматы: Ел-шежіре, 2008.-240 б., Б. 7-25, 29-46, 47-53.
4. Әр дарынның өз орны бар // Қазақ әдебиеті, 2 наурыз 1990.
5. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.
6. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1994.
7. <https://e-history.kz/kz/news/show/33547/>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ: ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСЫЛУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ

Райхан ИМАХАНБЕТ

А.Байтұрсынұлы музей-үйі жетекшісі,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУдоценті м.а.,
Айша ТҰРЛЫБАЙ
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы
кафедрасының 1-курс магистранты,
Алматы, Қазақстан,

Әдебиет танытқыш. Асыл сөздің зергері Ахмет Байтұрсынұлының әдеби-эстетикалық тұжырымдары мен ұлт әдебиетін жүйелеуге қосқан үлесі туралы әдебиетші ғалымдар: «XX ғасырдың басында әдебиеттануда нақты іс атқарған, өзгелерге үлгі көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлы болды» дейді. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі – ұлттық әдебиеттанудың әлемдік ғылымдағы зерттеулермен деңгейлес, әдеби ұғым-түсініктерді тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықтаған, арнайы «пән сөздері» жарияланған ғылыми зерттеу екені пайымдалып, мойындалды.

Академик З.Қабдолов 1988 жылы ғалым есімі ақталғаннан кейін, ғұламаның әдеби мұрасы хақында «*Әдебиет танытқыш*» – *тұңғыш қазақы трактат, әдебиет теориясының басы*» екенін, кітаптың қадірі мен қасиеті, тарихи мәні мен маңызы кеңес кезінде бұрмаланғанымен, әлем ғалымдары арасында ғылыми тұрғыдан мойындалған ғылыми зерттеу еңбек екендігін ашып жазды, бүгінгі тәуелсіздік кезең танымымен талдап, таратты. Академик: «*Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал, басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады*», деп келдік деген кеңестік жүйе тұсындағы «*мәжбүрлі қысасты кезең*» болғанын мойындайды. Онан әрі: «*Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бір-ақ түр шауып шықса, бұған Шешендік сұрау қосылып қана аздап ажарлануы мүмкін. Ал, қазақ поэзиясында Ахаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жарлай арнау) қосып, құбылтып, тотының түгіндеі құлтыртып әкетеді. Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, Қабдолов та) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық*» - деп, Ұлт ұстазы Ахметтің алдында «арылғандай» шерленеді [1, Б.70–80].

Академик Р.Нұрғали «Күлтегін» баспасынан жарық көрген «*Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры*» атты зерттеуінде: «*Әдебиет танытқыштың*» Алматыда сақталған кітабының